

Т.О.Орынбасар^{1*} , А.Б.Амирбекова² ¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
120014, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы²А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
050010, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: t_orynbasar@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДІ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Андатпа

Мақалада көркем мәтінді стилистикалық талдауда жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің басты мақсаты – Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі мысалында оқушылардың көркем мәтінді стилистикалық талдау деңгейін арттыру және олардың кейіпкер сезімін түсіну қабілетін, яғни эмпатиясын дамыту. Жұмыстың өзектілігі қазіргі цифрлық заманда көркем мәтінді стилистикалық талдау арқылы оқушының қызығушылығына сай жаңаша форматта ұсыну қажеттілігінен туындап отыр. Көркем мәтінді жай ғана мазмұндап бермей, оны тілдік және мағыналық тұрғыдан терең зерделеуге назар аударылды. Зерттеу барысында Қызылорда қаласындағы орта мектептің 10-сынып оқушыларының (барлығы 60 бала) қатысуымен арнайы эксперимент жүргізілді. Эксперименттік жұмыс барысындағы сабақтарда оқушыларға WhatsApp желісінде кейіпкерлер атынан хат жазысу, жасанды интеллект көмегімен сюжеттік комикстер құрастыру және бейнелерді дыбыстау сияқты тапсырмалар берілді. Бұл әдістемелер цифрлық форматтардың көмегімен көркем шығарманы стилистикалық талдауға, оның мәнін тереңірек ұғынуға жағдай жасады. Зерттеу нәтижелері IBM SPSS Statistics бағдарламасында Вилкоксон тесті арқылы өңделді. Статистикалық талдау нәтижесі көрсеткендей, ұсынылған әдістеме оқушылардың көркем мәтінді стилистикалық талдау, түсіну және оған өзіндік баға беру дағдыларын өте жоғары деңгейде ($p < 0,001$) жақсартқан. Жұмыстың қорытындысы ретінде көркем мәтінді стилистикалық талдауда цифрлық технологияны қолданудың оқушы тұлғасын дамытудағы маңызы дәлелденді.

Негізгі сөздер: көркем мәтін, стилистикалық талдау, цифрлық технологиялар, оқушы эмпатиясы, SPSS талдауы.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, оларды ақпаратты тек қабылдаушы емес, сол ақпаратты сыни тұрғыдан өңдей алатын шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру. Көркем шығарманы түсініп оқуға бейімдеу әрі дағдыландыру қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қатар жүргізілуі арқылы жүзеге асқанда едәуір оңтайлы нәтиже болады. Сондықтан қазақ тілі сабағында көркем мәтінді стилистикалық талдау тәжірибесін жаңа әдістер арқылы жетілдіру нәтижесінде оқушының ақиқат дүниені тану, сыни ойлау, өз ойын мазмұнды жеткізу қабілеттеріне қол жеткізе аламыз. Осы тұрғыдан, көркем мәтінге стилистикалық талдау шығарманың тақырыбын, идеясын, жазушы қолданған көркемдік-бейнелеу құралдарын танып қоюмен шектелмейді. Жазушының аялық білімін, ол өмір сүрген заманның тарихын тану, жазушы танымындағы идиоэтикалық, саяси, рухани, мәдени, заманауи құндылықтарды оқушы анықтай алатындай талдау түрлері ұсынылу қажет. Сондықтан көркем мәтінге стилистикалық талдау когнитивтік (танымдық) бағытта құрастырылғаны дұрыс. Біз ұсынатын көркем мәтіннің когнитивті-стилистикалық талдау үлгісі мынадай:

1. *Тілдік стилометрия.* Стилометрия (стильөлшем) – қаламгердің шығармасындағы жиі қолданылатын сөздерді айқындайтын жазушының синтаксистік стилі, яғни құрмалас, аралас сөйлемдермен жаза ма, әлде қысқа жай сөйлемдермен жаза ма деген ерекшеліктерді анықтайтын, көркем мәтіндегі окказионал қолданыстарды танытатын, көркемдік-бейнелеу құралдарын көрсететін дәстүрлі лингвостилистикалық талдау. Бұл талдау түрі арқылы оқушы көркем шығарманың оқуға жеңіл не ауыр екенін байқайды, өзіне түсініксіз сөздердің көп немесе мәтін толық түсінікті болғанына баға береді, тілдік қоры кеңейеді.

2. *Танымдық стилметрия.* Автордың ойлау стратегиясы мен оқушының көркем мәтіннен түйген ойының сәйкестігі немесе сәйкес келмеуін, көркем мәтіннен танылған күрделі ұғымдарды (концептілерді) тани білуі, ақиқат дүниені танытуда қолданған автордың фреймдік, гештальттық, эмоционалдық, концептуалдық, пәлсапалық, т.б. түсініктерін ұғына білу. Бұл талдау нәтижесінде оқушы шығарманың идеялық тақырыбын өзі түсінуге үйренеді, шығармадағы мәні бар оқиғаларды өмірлік тәжірибе ретінде адами құндылыққа айналдырады, оқушының аялық білімі кеңейеді.

3. *Функционалды (жұмсалым) стилметрия.* Оқушының көркем мәтіннен қабылдаған тілдік және танымдық білімдерінің өмірлік тәжірибесінде жұмсалуды деңгейін арттыруға бағытталады. Блендинг жүйесі бойынша, оқушы шығармада қолданылған көркемдік құралдарды күнделікті сөйленісінде еркін жұмсауға бейімделуі, шығарма оқиғаларын өз тәжірибесінде мысалға келтіре білуі, көркем мәтінде қолданылған метафоралардың үлгісімен өз ойтанымын бейнелі жеткізуге бағытталуы, жазушының нақыл сөздерін жаттап, өзінің тілдік қолданысында жұмсай білу дағдысы қалыптасады. Блендинг – бұл екі дүниенің тоғысуынан қалыптасқан ойдың жемісі. Ағылшын тілінде блендинг концептуалды метафоралардың жасалу тәжірибесінде жиі кездеседі. Ал көркем мәтін стилистикасын талдау тәжірибесінде көркем шығармадағы құндылықтардың шынайы ақиқат дүниеде тіріленуі, қайта жүзеге асуы, жалғасуы болып саналады. Қысқаша талдау үлгісімен түсіндірейік. Мәселен, тілдік стилметрия бойынша оқушыға түсініксіз сөздерді табуды тапсырса да болады. Бұл – ең қарапайым тапсырма түрі. Оқушы Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесіндегі «қан тамырында жүрген елес», «жалаңаш төбе», «күмістенген өзен», т.б. тіркестеріне түсінбеді делік. Осы бейнелі қолданыстарды түсіндіруде танымдық стилметрия тәсілдері қолданылады. «Қан тамырында жүрген елес» фразасын түсіндіру үшін анатомиялық, психологиялық білімдер қатынасады. Яғни қантамыр адамның жүйке жүйесімен сырттан қабылданған ақпараттарын миға, жүрекке тасымалдаушы дәнекер екенін, елес сол қантамырмен келген (сезім мүшелері арқылы танылған: көзбен көрген, денемен сезген (тактильді)) ақпараттардың мида қайта жаңғыруы деп түсіндіру – жаңа лингвостилистикалық талдау үлгісі. «Жалаңаш төбе» - ұлттық таным. Түркі мәдениетінде жазық, тақыр, шөлейтті дала - жалаңаш дене ретінде ассоциацияланады. «Күмістенген өзен» - еуропалық түсінік, «серебряная» қолданысы еуропа мәдениетінде мөлдір, мінсіз таза ұғымымен стереотиптеледі. Ш.Айтматов мөлдір таза өзенді еуропалық стереотиппен бейнелегенін түсіндіруге болады. Енді функционалды стилметрияға мысал келтірсек: «Оқудан тараған жазғы мезгілде, біз, бір топ бала, балапан ұстаймыз деп осы жерге келетінбіз». Ш.Айтматов дәуіріндегі балалардың қарым-қатынасы мен қазіргі оқушылардың қарым-қатынасын елестетуге қатысты сұрақтар мен тапсырмалар қоюға болады. «Жиналыстың аяғында пионерлер оның мойнына қызыл галстук байлап, гүл беріп, жаңа мектептің құрмет кітабына оның атын бірінші етіп жазды». Осы сөйлемдегі біртұтас коммунизм дәуірінің тарихын түсіндіруге тура келеді. Себебі бұл сөйлемдегі қызыл галстук, құрмет кітабы не үшін екенін, оның қандай мәні бар екенін, яғни пионерлер қызыл галстукке ие болу үшін оқуда үлгірімді әрі тәрбиелі болуы қағидаларымен өлшенетінін, сол үшін талпынатынын, бұл оқушылардың өмірлік дағдысына айналатынын түсіндіру, сондай идеологиялық кезең болғанын айту арқылы бойына тарихи стереотиптерді сіңіруге болады.

Зерттеудің өзектілігі – тіл мен әдебиетті пәнаралық байланыс есебінде көркем мәтінді стилистикалық талдау мен оны цифрлық технологияларды қолдана отырып үйрету. Стилистикалық талдауды технологиялармен ұштастырудың теориялық негіздері Стоквелл мен Жакса еңбектеріндегі «Мәтін әлемі теориясы» аясында кеңінен зерделенген. Бұл модель оқушының мәтін оқу кезінде өз санасында оқиға кеңістігін қалай тұрғызатынын ғылыми сипаттауға мүмкіндік береді. Бұған дейінгі айтылған тілдік, танымдық және функционалды стилметриялар осы ұғымға саяды, себебі шетелдік зерттеушілер ұсынған «Мәтін әлемі теориясы» арқылы оқушының көркем мәтінді оқуда алдымен көркемдік-бейнелеу құралдарын қабылдауы, одан кейін автордың сөзқолданысын зерттеу арқылы оны өз ой елегінен өткізіп түсінуі, ал соңғы сатыда ол сөзді өмірде қолдана алуымен

байланыстыра аламыз. Біз зерттеуімізде аталған шетелдік когнитивтік моделді негізге ала отырып, оны отандық әдістемелік тұрғыдан тереңдету мақсатында тілдік, танымдық және функционалды стилметрия сатыларынан тұратын авторлық талдау жүйесімен сабақтастырдық. Егер «Мәтін әлемі теориясы» оқушы санасындағы ақпаратты өңдеудің жалпы психолінгвистикалық механизмін түсіндірсе, біз ұсынған үш сатылы стилметриялық модель – сол әлемді қазақ тілінің бай стилистикалық мүмкіндіктері арқылы құрудың, игерудің және өмірлік тәжірибеге енгізудің (блендинг) нақты әдістемелік жолы болып табылады. Бұл екі теориялық бағыттың тоғысуы көркем мәтінмен жұмыс істеудің мынадай біртұтас жүйесін құрайды: тілдік стилметрия сатысында оқушы мәтін әлемін құруға қажетті бастапқы тілдік материалдар, яғни көркемдік-бейнелеу құралдарын қабылдайды. Екінші танымдық стилметрия кезеңінде оқушы автордың ойлау жүйесімен үндесе отырып, сол тілдік таңбалар арқылы өз санасында мағыналық концептілер мен фреймдерді тұрғызады. Ал функционалды стилметрия (блендинг жүйесі) сатысында санада құрылған «мәтін әлемі» мен «шынайы әлем» тоғысып, оқушы қабылдаған рухани-эстетикалық құндылықтарды өз тілдік қолданысы мен өмірлік дағдысына айналдырады. Осылайша, шетелдік зерттеушілер ұсынған когнитивтік концепция біздің ұлттық танымға негізделген стилметриялық талдау үлгімізбен ұштаса отырып, оқушыны жай ғана оқырман деңгейінен шығармашыл, зерттеуші-талдаушы тұлға деңгейіне көтереді [1].

Бүгінгі таңда зерттеу барысындағы ғылыми ұстанымымызға сәйкес, тіл білімі мен әдебиеттанудың пәнаралық байланысы, тоғысуы басты бағдарлардың біріне айналды. «Көркем әдебиеттің тілін лингвист те, әдебиетші де зерттей алады. Туындының тілдік сипатын зерттеуде әдебиетші мақсаты бөлектеу, ол шығарманың тілдік ерекшеліктерін оның мағынасымен байланыстыра қарастыруға саяды... Көркем сөздің стилистикасын талдау үшін мәтін стилистикасының заңдылықтарын игеру шарт», - дейді ғалым Т.О.Есембеков. Ғалымның бұл пайымдауы лингвистикалық және әдеби талдаудың тек аражігін ашып қана қоймай, олардың біртұтас үдеріс екенін көрсетеді. Егер тілдік талдау мәтіннің құрылымдық қаңқасын түсінуге септігін тигізсе, әдеби талдау сол тілдік бірліктер арқылы шығарманың көркемдік-идеялық қабаттарына жол ашады. Бұл тұрғыда Р.Сыздықова мен Б.Шалабайдың: «Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп оқудың жоғары мәдениетін қалыптастырады. Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдауға, оқырманды суреткермен бірге толғанып, көркем образды бірге сомдауға баулиды», - деген тұжырымы зерттеуіміздің әдістемелік өзегі болып табылады. «Көркем әдебиет стилінің негізгі нысаны – көркем әдебиет, оның тілі, стилі», - деп қуаттайды А.Жапбаров. Көркем тіл арқылы шығарманың тұтас болмысы ғана емес, оның оқырман санасындағы ассоциативтік бейнесі де айқындалады. Бұл тұрғыда Ж.Т.Қадыров пен Т.О.Есембековтің мынадай тұжырымы көркем мәтін табиғатын дөп басады: «Көркем мәтіндегі образдар қатары көрнекі және сезімдік образдармен шектелмейді, олар адам, уақыт, кеңістік, өлім, өмір атты тақырыптармен тығыз байланыста. Әдеби туындының образдық құрылымы болмысты бейнелеуге ғана емес, мәтіндегі өзіне сәйкес мынандай құрылымдарды көрсетуге де бағытталған: а) образдарға сәйкес оқиғалар мен деректер көптігін, ә) бір образды жаңғырта қайталау арқылы тенеу, метафора, эпитетке айналдыру...». Демек, көркем мәтінді талдау – бұл жай ғана тілдік деңгейлерді тексеру емес, оқырманды автордың шығармашылық әлеміне ендіретін терең танымдық талпыныс. Жалпы бұл екі саланың зерттеу нысаны – сөз, ал біздің бағытымызда көркем мәтіннің тілін лингвистиканың нысаны ретінде зерттеу және осы көркемдік-бейнелеу құралдарын оқушының тілдік, аялық білімін қалыптастыруда жол көрсету.

Дегенмен, бұған дейінгі зерттеулерде стилистикалық талдау көбіне тілдік бірліктерді жай ғана тізбектеу деңгейінен аса алмай келді. Мұндай жағдайда оқушылар мәтіннен метафора, теңеу немесе эпитеттерді тауып, оларды тек сұрыптаумен шектеледі де, көркем сөздің оқырманның ішкі сезіміне әсері мен баланың шығарма ішіне терең бойлауы және оны өмірде қолдана білуі ескерусіз қалады. Нәтижесінде, оқушының «мәтін әлеміне ену» үдерісі мен оның шығарманы сезінуіне тиісті деңгейде назар аударылмағаны байқалады. Сондай-ақ, қазақ прозасын түрлі нұсқада меңгерту жолдары арқылы оқытудың нақты

нәтижесін статистикалық тұрғыдан негіздеген ғылыми жұмыстардың жеткіліксіздігі осы саланы тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Осы орайда зерттеудің мақсаты – Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі мысалында көркем мәтінді стилистикалық талдау мен оны цифрлық технологияларды қолдана отырып үйретудің тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу және әдістемелік моделін ұсыну. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеу барысында оқушыларға мәтінді цифрлық форматта модельдеу тапсырмалары ұсынылып, олардың шығарманы сезінуі мен сыни ойлауындағы өзгерістер нақты эмпирикалық мәліметтер негізінде бағаланды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің практикалық базасы ретінде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты орта мектептің 10-сынып оқушылары таңдалып, экспериментке барлығы 60 оқушы (n=60) қатысты. Зерттеу нысаны ретінде Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі алынды. Эксперименттік оқыту барысында оқушылардың көркем мәтінді стилистикалық талдау дағдылары мен эмпатия деңгейін өлшеу үшін тіл мен әдебиетті пәнаралық байланыс есебінде оқыту және цифрлық технологияларды пайдалануға негізделген әдістемелік модель қолданылды.

Зерттеу жұмысы үш кезең бойынша жүзеге асырылды:

I кезең: Теориялық-әдістемелік модельдеу.

Зерттеудің бірінші кезеңінде әдебиет пен тілді ұштастыра оқытудың отандық және әлемдік тәжірибесі мен теориялық базасы зерделенді. Көркем мәтінді стилистикалық талдау барысында отандық Қ.Жұбанов, М.Әуезов, М.Балақаев, С.Аманжолов, Қ.Жұмалиев, беріде Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Шалабай, Т.О.Есембековтің зерттеулері пайдаланылды. Осының негізінде көркем мәтінді стилистикалық талдауда оқытудың әдістемелік жүйесін жасақтау үшін стилистика мен педагогика салаларындағы іргелі еңбектер басшылыққа алынды. Бұл кезеңдегі басты міндет – көркем мәтінді жай ғана оқу материалы емес, оқушы санасында сол мәтіннің көркемдік-бейнелеу құралдарын игеру арқылы күрделі танымдық процестерді қозғаушы нысан ретінде модельдеу болды. Мұндай тәсіл оқушының шығарма мазмұнын біліп қана қоймай, ондағы көркемдік-бейнелеу құралдарын еркін меңгеруіне, шығармаға қатысты сыни ойлау дағдысын қалыптастыруына және алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді қолдана алуына мүмкіндік береді.

Теориялық негіз ретінде жоғарыда келтірілген көркем мәтінді когнитивті-стилистикалық талдауда тілдік, танымдық және функционалды стилметриялар басты негіз ретінде алынды. Бұл – тіл мен әдебиетті бір арнада тоғыстырудың таптырмас құралы болып табылады, себебі осы үш бірлік арқылы көркем мәтіндегі көркемдік-бейнелеу құралдарын оқушы алдымен автордың қалай, қанша рет қолданғанын саралайды. Осыдан кейін оқушы сол сөздің мағынасын өз әлемінде құрайды, бұл танымдық стилметрияны біз шетелдік зерттеушілердің ұсынған «Мәтін әлемі теориясымен» сабақтастырдық. Бұл модель оқушының мәтін оқу кезінде өз санасында «мәтіндік әдемдерді» қалай тұрғызатынын ғылыми тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді. Біз ұсынған танымдық стилметрия оқушының көркем мәтіннен қабылдаған, түйген ойының құндылыққа айналуын осы идеямен ұштастыра алады.

Қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық байланыс, әсіресе қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін бір арнада тоғыстыру – өте тиімді тәсіл. Көркем мәтінді осылайша біріктіріп оқыту арқылы оқушы туындымен танысып қана қоймай, автор тілінің ерекшелігін ұғу арқылы стилистиканы да терең меңгере алады. Стилистиканы оқытудың педагогикалық маңызы пен оқушының көркем мәтінді қабылдау ерекшеліктері заманауи когнитивтік поэтика концепцияларымен толық негізделді [2-4].

Зерттеу аясында оқушылардың көркемдік-бейнелеу құралдары мен троптарды жай ғана танып қоймай, олардың мәтін ішіндегі атқарып тұрған нақты міндетін қаншалықты сезінетініне талдау жасалды. Бұл ретте тілдік бірліктердің оқырман санасына қалай әсер етіп, оны шығарма әлеміне баурап алу ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Сонымен қатар, танымдық грамматика тұрғысынан қарағанда, кез келген грамматикалық форманың оқырман назарын автор қалаған маңызды тұстарға бұратын басты құрал екендігі негізге

алынды. Зерттеуші К.Харрисон атап өткендей, грамматикалық форма – бұл автордың оқырман назарын басқаруына мүмкіндік беретін шеберлік құралы. Мәселен, автор етістіктің белгілі бір шағын немесе райын қолдану арқылы оқырманды оқиғаның бел ортасына кіргізе алады немесе, керісінше, оны сырттай бақылаушы ретінде қашықтата алады. Осы тұрғыдан алғанда, біз мысалға алған Шыңғыс Айтматовтың бай прозасын талдауда танымдық грамматиканың рөлі өте зор болды деуге болады. Оқушы мәтінді оқу барысында грамматикалық бірліктердің көмегімен өз санасында біртұтас «мәтіндік әлем» тұрғызады. Автордың шеберлікпен таңдап алған әрбір тіркесі оқырманға сол әлемнің бағыт-бағдарын анықтайтын танымдық бағдарын айқындап береді.

Көркемдік-бейнелеу құралдарын талдау барысында метафора мен метонимияның атқаратын қызметіне ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, Ш.Айтматов шығармаларындағы кеңістіктік бейнелерді (түн, жол, аспан) жай ғана оқиға өткен орын емес, кейіпкердің жан дүниесін ашатын «астарлы бейнелер» (жасырын метонимиялар) ретінде зерделеудің әдістемелік негізі жасалды. Осы арқылы автордың табиғат көріністері мен адам жанының арпалысын қалайша шебер үндестіргенін аңғаруға болады.

Зерттеудің тарихи-әдістемелік маңызын арттыру мақсатында 1960-1970 жылдардағы тоталитарлық кезеңдегі қазақ әдебиеті мен ондағы ұлттық мәселелердің көтерілуі зерделенді. Осы тұрғыда Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» шығармасын оқыту барысында сол дәуірдің тарихи шындығы мен ұлттық құндылықтар мәселесіне баса назар аударылды. Кейіпкерлер тағдыры арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік жағдай, әйел теңсіздігі мен қоғамдағы надандық, кейбір адамдыққа қарама-қарсы әрекеттер сияқты көркемдік көріністер жан-жақты талданды. Бұл тәсіл оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім мен ұлттық бірегейлікті, рухты қалыптастырудың іргетасын қалады деуге толық негіз бар.

Көркем туындыны оқу барысында мектеп оқушыларының автор қолданған тілдік құралдарды сезінуі мен оларды қабылдау деңгейіне зерттеу жасалды. Осы ізденістердің нәтижесінде эксперименттің әдістемелік қаңқасы жасалып, оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен эмпатиясын дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар жүйесі жоспарланды. Осылайша, бірінші кезеңде зерттеудің теориялық-педагогикалық негізі толықтай әзірленді [5].

II кезең: Технологиялық интеграция және тәжірибені іске асыру

Зерттеудің екінші кезеңінде Ш.Айтматовтың біз мысалға алған «Алғашқы ұстаз» повесіндегі көркем үзінділерді визуалды және цифрлық форматтар арқылы оқытудың теориялық-практикалық моделі әзірленді. Мұндағы басты бағдар ретінде прозаның мультимодальді стилистикасы концепциясы алынды. Бұл теория бойынша көркем шығарма тек сөздерден ғана тұрмайды, ол – суреттер мен материалдық элементтердің жиынтығы. Осыған сүйене отырып, оқушыларға Ш.Айтматов мәтінін жай оқып қоймай, шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында оны көрнекі бейнеге (комикс, видео) айналдыру тапсырмалары дайындалды. Бұл тәсілдер көркем сөз бен визуалды бейненің үндесуі арқылы оқушының танымдық және функционалдық қабілетін арттырады. Біз ұсынған көркем мәтінді когнитивті-стилистикалық талдаудағы үшінші функционалды стилметрия осы тапсырмалармен үндеседі.

Зерттеудің жаңашыл бағыты ретінде цифрлық оқиға құрастыру әдістемесі таңдалды. Мұнда оқушы мәтінді талдау барысында алған тілдік және танымдық білімдерін цифрлық ортада қайта жаңғыртып, өмірлік тәжірибесімен ұштастырады. Дәлірек айтқанда, оқушы Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесіндегі көркем әлемді қазіргі цифрлық мүмкіндіктермен тоғыстыра отырып, жазушының нақыл сөздері мен бейнелі тіркестерін өз сөйленісіне еркін енгізеді. Цифрлық оқиға құрастыру – жай ғана техникалық жұмыс емес, ол көркем шығармадағы құндылықтардың оқушының жеке танымында тірілуі мен қайта жүзеге асуына жол ашатын жаңа әдістемелік платформа. Оқушы автордың ойлау жүйесін үлгі ретінде ала отырып, өз ойын бейнелі жеткізуге дағдыланады, нәтижесінде шығармадағы тарихи және рухани стереотиптер оның күнделікті тілдік қолданысына айналады. Бұндай тәсілдер оқушыны ақпаратты тек жай ғана қабылдаушы емес, сол ақпаратты өз өмірінде жұмсай алатын, сыни тұрғыдан өңдейтін жаңа мазмұн жасаушы

деңгейіне көтереді. Оқушының осындай тілдік, танымдық, функционалдық қабілеттерін дамытуда көркем мәтінді тек оқып қоймай, визуалды және цифрлық технологиялар арқылы оқытудың түрлі әдістері қолданылды. Осы орайда, YouTube платформасындағы «Booktuber» тәжірибесі мен фильм үзінділерін дыбыстауға негізделген «Тіл біткен бейнелер» әдісі қолданылды. Яғни зерттеуші Пардоның тәжірибесін үлгіге ала отырып, біз өзіміздің дыбыстау әдісімізді қолдандық. Сонымен қатар, бейнелі тілді меңгертуде бейнелеу өнерінің мүмкіндіктерін пайдаланудың маңыздылығы ескеріле келіп, сабақ жоспарындағы «Сюжеттік комикс» тапсырмасы ұсынылды. Мұнда оқушылар көркемдік-бейнелеу құралдарын көркем суретке айналдыра білді. Сурет салу мен көрнекілік элементтері арқылы астарлы мағыналарды түсіндіру оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға жол ашты.

Оқушылардың эмпатиялық санасы мен сыни ойлауын ұштастыру мақсатында шығармашылық «Кейіпкерлер желіде» (WhatsApp чаты) тапсырмасы қолданылды. Бұл тапсырма арқылы оқушылар кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін заманауи үлгіде қайта жаңғыртып, диалогтар арқылы олардың психологиялық портреттерін ашуға мүмкіндік алды. Қорыта айтқанда, тәжірибе барысындағы «Сюжеттік комикс», «Кейіпкерлер желіде» және «Тіл біткен бейнелер» сияқты зерттеудің екінші кезеңінде жүзеге асырылған мультимодальды тәсілдер көркем мәтінді стилистикалық талдаудың дәстүрлі шеңберінен шығып, оны цифрлық және визуалды технологиялармен сабақтастырудың жоғары тиімділігін көрсетті. Ең бастысы, функционалды стилметрия аясында жүзеге асқан бұл тапсырмалар көркем шығармадағы рухани құндылықтар мен стилистикалық нормалардың оқушының күнделікті тілдік қолданысы мен өмірлік тәжірибесіне енуіне негіз болды [6].

III кезең: Эмпирикалық бағалау және стилистикалық талдау

Қорытынды кезең эксперимент нәтижелерін эмпирикалық бағалауға және алынған мәліметтерді ғылыми тұрғыдан қорытындылауға бағытталды. Оқушылардың Ш.Айтматов прозасын оқу барысындағы танымдық белсенділігі, атап айтқанда, мәтін әлемін қабылдау деңгейі мен көркемдік-бейнелеу құралдарын игеру қабілеті арнайы өлшемдермен зерделенді.

Деректерді талдау IBM SPSS Statistics бағдарламасының 29.0.2.0 (20) нұсқасы арқылы жүргізілді. Пре-тест және пост-тест нәтижелері арасындағы айырмашылықты анықтау үшін параметрлік емес Вилкоксоның белгілі рангтер критерийі (Wilcoxon Signed-Rank Test) қолданылды. Бұл статистикалық әдіс оқушылардың (n=60) көркем мәтінді когнитивтік деңгейде қабылдау, кейіпкердің ішкі күйін түсіну және оларды сомдау, көркемдік-бейнелеу құралдарын дәл анықтауға мүмкіндік берді.

Сапалық талдауда тақырыптық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың жауаптарындағы негізгі тақырыптар – ұлттық кодты тану, тарихи шындықтың маңызын ұғыну жолдары айқындалды. Тақырыптық талдау барысында оқушылардың тоталитарлық кезеңдегі ұлттық мәселелер мен идеологиялық қысымға қарамастан сақталған құндылықтарға берген бағалары, шығармадағы басты кейіпкерлердің құндылықтары сараланып жүйеленді.

Зерттеу барысында көркем мәтінді стилистикалық талдаудың рөлі айқындалды. Бұл тәсіл оқушы санасында кейіпкер бейнесінің қалай қалыптасатынын және тілдік бірліктердің оқырман назарын қалай басқаратынын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушыны шығарманың ішкі иірімдеріне бойлату арқылы оның жан дүниесін байыту және ұлттық бірегейлігін шыңдау – бүгінгі күннің ең тиімді оқыту жүйесі екені дәлелденді [7].

Осылайша, ұсынылған үш кезеңнен тұратын кешенді әдістеме көркем мәтінді стилистикалық талдаудың теориялық негіздерін жасаудан бастап, оны цифрлық ортада ақпаратты берудің заманауи нысандары арқылы іске асыруға және нәтижелерін нақты статистикалық деректермен дәлелдеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйелі тәсіл оқушылардың стилистикалық таным-түсінігін тереңдетіп қана қоймай, олардың рухани-ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми негізделген жолын көрсетеді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу жұмысының басында оқушылардың көркем мәтінді қабылдау деңгейін анықтау және прозадағы стилистикалық құралдарды тануын білу мақсатында Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі бойынша пре-тест алынды. Алдын-ала алынған пре-тест 35 сұрақтан тұрды және тілдің ең бай стилистикалық көркемдік-бейнелеу құралдары – метафора, метонимия, теңеу, эпитет, авторлық тіркестердің мәтін ішіндегі қызметін анықтауды қамтыды.

Пре-тест нәтижелерін талдау барысында оқушылар көркемдік-бейнелеу құралдарының негізгі терминдері мен анықтамаларын білгенімен, оларға мәтін ішіндегі астарлы мәнін түсіну мен талдау, кейіпкер психологиясын ашу қиындық тудырғанын байқай аламыз. Дәстүрлі қазақ әдебиеті пәнінде шығарма мазмұны жиі талданатындықтан, көркем әдебиеттің тілі, стилі тысқары қалып жатты. Ұсынылған тапсырмалар оқушыларға шығарманың тек мазмұнын емес, стилдік ерекшелігін түсінуге, сөздік қорын байытуға, кейіпкер образы мен психологиясын жасауда автордың тілін талдауға жол ашады. Осы мақсатта пәнаралық байланыс есебінде құрылған сабақ мазмұны 5 негізгі саты бойынша жүзеге асырылды:

- 1-апта: Теориялық-танымдық кезең
- 2-апта: Көркемдік бейнелеу және визуалды қабылдау
- 3-апта: Желілік қарым-қатынас және тілдік тұлға
- 4-апта: Кейіпкермен үндесу және бейнені дыбыстау
- 5-апта: Шығармашылық рефлексия және қорытындылау.

Алғашқы аптаның теориялық-танымдық кезеңінде оқушыларға Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесін оқу тапсырылды. Бұл кезеңдегі басты мақсат – тілдік стилметрия тұрғысынан талдауға бағыттау болғандықтан, балаларға тек құрғақ оқу мен мәтін мазмұнын білу емес, автордың сөзқолданыс ерекшеліктеріне, атап айтқанда, синтаксистік стилі мен көркемдік-бейнелеу құралдарына назар аудару міндеттелді. Оқушылар мәтін ішінен өздеріне түсініксіз немесе ерекше әсер қалдырған «қан тамырында жүрген елес», «жалаңаш төбе», «күмістенген өзен», «бүркіт қабақ», «қара табан кедей» сияқты бейнелі тіркестерді іріктеп алды, яғни тілдік материалдарға осы кезеңде назар аударылды. Балалардың жауаптарын талдау барысында оқушылардың басым бөлігі: «Жазушының сөйлемдері қысқа әрі түсінікті, сол себепті шығарманы оқу жеңіл болды», - деген пікір білдіріп, автордың жалпы құрмалас және жай сөйлемдерді қолдану машығына оң бағасын берді. Дегенмен, кейбір көркемдік құралдар бойынша: «Мәтіндегі «күзетте тұрған жүрегім», «түн көрпесін қымтап», «пұшайман» деген сияқты сөздердің мағынасын түсіну үшін қосымша іздену керек болды», - деген жауаптар да берілді. Бұл оқушылардың проза тілінің мазмұнын толық ұққанымен, оның астарлы стилистикалық қабаттарын тануда әлі де мұғалім тарапынан бағыт-бағдардың қажет екенін көрсетті. Осылайша, бірінші аптада оқушылар шығарманың мазмұнын меңгеріп, келесі танымдық және функционалды талдауларға алғашқы теориялық базаны қалыптастырды.

Екінші аптада оқушылар шығарма желісі бойынша алғашқы практикалық тапсырмаларды орындауға көшті. Бұл кезеңде «Сюжеттік комикс» әдісі қолданылды. Тәжірибе барысында оқушылардың шығарма мазмұнын меңгеру деңгейін тексеру үшін сыныпты 4 топқа бөліп, оқиға желісін қамтитын 4 түрлі тірек сөйлем берілді. Оқушыларға «цифрлық режиссер» ретінде жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен сурет жасатып, оның төменгі бөлігіне көркемдегіш құралдарды (эпитет, теңеу, метафора) қолданып мәтін жазу тапсырылды. 1-топқа «Мектептің ашылуы» тірек сөзі берілді. Оқушылар осы тірек сөзбен ЖИ-ге сұраныс жіберу арқылы ескі қораның бейнесін жасап шықты. Олар берілген тірек сөйлемді стилистикалық тұрғыдан түрлендіріп: «*Ауыл балалары үркек торғайдай біртіндеп жинала бастады*» және «*Сол сәттен бастап бұл жер қарапайым қора емес, білім ұясына айналды*» деген сөйлемдер құрастырды. Мұнда оқушылардың «үркек торғайдай», «білім ұясы» сияқты теңеу мен метафораны қолданғандықтары арқылы сол кездегі балалардың ішкі қорқынышы мен жаңалыққа деген ұмтылысын дәл бере алғанын байқауымызға болады. 2-топқа «Өзеннен өту» деген тірек сөз берілді. Бұл топ Дүйсеннің Алтынайды іздеп баруы сәтін бейнеледі. Олар суреттегі суық боран мен қақаған аязды сипаттау үшін: «*Жел*

оның жүзін қақса да, жігерін сындыра алмады» деген кейіптеу мен «Бірақ ұстаздың жүрегі тас емес, шексіз мейірім болатын» деген теңеуді сәтті қолданды. Балалар Дүйсеннің ұстаздық қасиетін «шексіз мейірім» метафорасымен байланыстырып, кейіпкердің психологиялық портретін аша түсті. 3-топ «Қалаға кету» тірек сөзіне Алтынайды зорлықпен алып қашқандағы сәтін бейнелейтін драмалық комикс жасады. Оқушылардың жауабындағы: «Алтынайдың үміті сол сәтте үзіліп қалған жіптей болды» деген теңеу мен «Әділетсіздік тас қамалдай биіктеді», «Сол күн қыз өміріндегі ең ауыр таңба болып қалды» деген метафоралық қолданыстар оқиғаның трегедиялық сипатын стилистикалық деңгейде жеткізе алды. Ал 4-топқа түскен «Сағыныш» тірек сөзі уақыт өткеннен кейінгі егіз терек пен Алтынайдың сағынышын сипаттады. Олар: «Ол кішкентай көшеттен зәулім бәйтерекке айналды» деген метафораны қолдана отырып Алтынайдың тұлғалық өсу жолын бейнеледі. Оқушылар «Бұл – ұстаз еңбегінің мәңгілік жемісі еді» деген әсерлі сөзді қолдану арқылы Дүйсен ұстаздың еңбегін «мәңгілік жеміс» деп бағалап, функционалдық стилметрияның (блендинг) жоғары үлгісін көрсете білді [8-10].

«Сюжеттік комикс» әдісіне тақырыптық талдау жасай отырып, оқушылар жай сөйлемді көркем сөйлемге айналдыру барысында автордың ойлау жүйесіне біртабан жақындағанын байқай аламыз. Мәтін құрау кезінде оқушылардың 85%-ы көркемдік-бейнелеу құралдарын орынды қолдана білді. Кейбір оқушылар ЖИ-ге сұраныс, яғни жай сөйлемдер арқылы тірек сөздерді жазғанда кейіпкерлердің эмоционалды күйін беруде қиналды, бірақ топтық талқылау кезінде мәтін мен сурет үндесіп, жақсы нәтиже орын алды.

Үшінші аптадағы «Желілік қарым-қатынас және тілдік тұлға» кезеңі оқушылардың сөздік қорын тексеруге бағытталды. Бұл сабақта қолданылған «Кейіпкерлер желіде» әдісі арқылы оқушылар Ш.Айтматов кейіпкерлерін ХХІ ғасырға алып келді. Оқушылар WhatsApp қосымшасын тікелей қолдана отырып, күнделікті сөйлеу тілін (сленгті) әдеби тілмен алмастырды. Мысалы, «ақша жоқ» деудің орнына «қалтам тесік, қолым қысқа» сияқты тұрақты тіркестерді, ал дәрекі сөздердің орнына «қараңды батыр», «жет жұтқыр» сияқты дисфемизмдерді қолдануды үйренді. Сабақ барысындағы тақырыптық талдауда 1-топқа «Ауыл чаты» - Дүйсеннің мектеп ашу туралы ұсынысы және ауыл адамдарының қарсылығы тақырыбы берілді. Оқушылар Дүйсен мен ауыл адамдарының арасындағы мектеп ашуға байланысты кикілжіңді диалог арқылы бейнеледі. Дүйсеннің «Инемен құдық қазғандай болса да, балалардың көзін ашуымыз керек. Надандықтан құтылатын жол – осы! Мал бағу оңай, ал бала оқыту тас шайнап, құм түкіргенмен бірдей қиын іс. Бірақ түбі қайырлы болады!» деген фразеологизмдерді қолдануы оның ағартушылық миссиясының ауырлығын көрсетсе, ауыл адамдарының «Сенің мына сөзіңнен төбе шашым тік тұрды» деген реакциясы надандық пен жаңашылдық арасындағы тартысты заманауи чат форматында дәл жеткізді. Сол сияқты 2-топ Алтынайдың қалаға оқуға аттануындағы қоштасу сөздерін, 3-топ Алтынайды сатып жатқан жеңгесі мен зорлықшылардың жоспарын, 4-топ өткен күндерді еске алу мен сырласуға байланысты суретші мен ғалым болған Алтынайдың сырласуын көркем түрде жеткізе білді. Ондағы «жүрегі торғайдай шырылдау», «тас жарып шыққан нәзік гүл», «Білім – асау тұлпар» деген метафоралардың қолданысы, «құлқынның құлдары», «жетімектің көзін құрту», «жыланның арбауы» сияқты көркемдік бейнелер, «тілсіз мұңлықтай» кейіптеуі және Дүйсенді «тау тұлға» деп атауы оқушылардың тілдің көркем өнерін шебер қолдана алғандығының дәлелі. Бұл кезеңде оқушылардың 90%-ы көркем сөзді еркін қолдана алатындықтарын байқатты. Сапалық талдау көрсеткендей, WhatsApp форматы оқушылардың тілдік шектеуді жойып, авторлық стильді өз тілінде сөйлетуге мүмкіндік берді.

Төртінші аптадағы «Кейіпкермен үндесу және бейнені дыбыстау» кезеңінде оқушылардың шығарманы эмоционалды-сезімдік тұрғыдан қабылдау қабілетін арттыру мақсатында «Тіл біткен бейнелер» әдісі жүзеге асырылды. Бұл кезеңде оқушыларға «Алғашқы ұстаз» фильмінен алынған дыбыссыз 4 үзінді көрсетіліп, оларды әдеби тілмен және нақты көркемдегіш құралдарды (эпитет, метафора, теңеу, кейіптеу) қолдана отырып дыбыстау тапсырылды. Сабақ барысында оқушылар кейіпкерлердің ішкі күйін сезіну үшін дауыс ырғағын (интонация) өзгертіп, рөлдерге шынайы ене білді. 1-топ Дүйсеннің ескі

мектепке келуін кейіптеу құралы: «Ескі мектептің сынған терезелері сықырлап, өткен күндердің сырын сыбырлағандай болды», - деген сөйлемдер арқылы затқа жан бітіріп, автордың психологиялық параллелизм тәсілін өздігінше жаңғырта білді. Ал 2-топқа Дүйсеннің сабақ беріп жатқан кезеңдегі фильмінен үзінді берілді. Бұл топта оқушылар Дүйсеннің ағартушылық тұлғасын нық дауыспен, ал балалардың қызығушылығын нәзік үнмен жеткізді. «Дүйсеннің сөзі балалардың жүрегіне дән болып себілді» деген метафоралық түйін оқушылардың білім мен еңбектің мәнін стилистикалық деңгейде ұғынғанын көрсетті. Драмалық шиеленіске толы Алтынайды қорғау сәтіндегі фильм үзіндісі 3-топқа берілді. «Қара бұлттай түнерген сөздер Алтынайдың жанын жаралады» деген теңеу арқылы оқушылар зорлық-зомбылыққа қарсылықты және білімге деген құштарлықты эмоционалды түрде бейнеледі. «Үміт ешқашан қоштаспады» деген философиялық астарлы оймен дыбыстауды аяқтаған 4-топ оқушылары қоштасу сәтін шебер жеткізе білді. Осылайша, «Тіл біткен бейнелер» әдісі оқушыларды жай ғана көрермен емес, шығарманың өз даусымен тірілтуші шығармашыл оқушыға айналдырды.

Бесінші аптада эксперименттік оқытудың тиімділігін анықтау мақсатында оқушылардан пост-тест алынды. Эксперименттік оқыту аяқталғаннан кейін оқушылардың лингвистикалық және стилистикалық талдау дағдыларында айтарлықтай өсім байқалды. Жиналған деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасында Вилкоксоның белгілі рангтер критерийі (Wilcoxon Signed-Rank Test) арқылы өңделді [11].

SPSS талдауының қорытындылары төмендегідей:

Кесте 1 - Рангтер көрсеткіші

		N	Орташа ранг	Рангтер қосындысы
Пост-тест – Пре-тест	Теріс рангтер	3 ^a	5,33	16,00
	Оң рангтер	56 ^b	31,32	1754,00
	Тең түскендер	1 ^c		
	Барлығы	60		
a. Пост-тест < Пре-тест				
b. Пост-тест > Пре-тест				
c. Пост-тест = Пре-тест				
Ескертпе: автормен құрастырылған				

Кесте 2 - Статистикалық критерийлер

	Пост-тест – Пре-тест
Z	-6,562 ^b
Асимп. мәнділік (екіжақты)	<,001
a. Вилкоксоның белгілі рангтер критерийі	
b. Теріс рангтер негізінде	
Ескертпе: автормен құрастырылған	

Статистикалық мәліметтер ($p < 0,001$) біз ұсынған үш сатылы стилметриялық модельдің (тілдік, танымдық, функционалдық) нәтижелілігін толық қуаттады. Статистикалық талдау нәтижелері (1-кесте) көрсеткендей, зерттеуге қатысқан 60 оқушының 56-сында оң рангтер (Post-test > Pre-test) тіркелді. Зерттеу нәтижелерінің кездейсоқ емес екенін $Z = -6,562$ мәні мен $p < 0,001$ көрсеткіші дәлелдейді (2-кесте). Халықаралық ғылыми стандарттағы шекті деңгейден (0,05) әлдеқайда төмен бұл мән «ұсынылған әдістеме нәтижеге әсер етпейді» деген нөлдік гипотезаны толықтай жоққа шығарады. Оқушылардың 93%-ы көркем мәтінді талдаудың теориялық негіздерін меңгеріп қана қоймай, оны жаңа цифрлық жағдаяттарда еркін жұмсай алу (блендинг) деңгейіне жетті. Бұл тәсіл жалпы көркем мәтінді оқытуда стилистика мен технологиялық шешімдерді ұштастырудың оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы рөлі зор екенін айғақтайды [12-13].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысы көркем мәтінді стилистикалық талдау мен мазмұнын игертуде қазіргі жаңа цифрлық технологияларды қолдана отырып оқыту тиімді жолдардың бірі екендігін көрсетті. Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесін мысалға ала отырып жасалған 5 апталық жұмыс оқушыларға мәтінді жай ғана оқып қоймай, оның стилистикалық қабаттары мен кейіпкер психологиясын терең түсінуге, көркем мәтінді когнитивті-стилистикалық талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында ұсынылған үш сатылы стилметриялық талдау үлгісі (тілдік, танымдық және функционалдық) оқушының сөзқолданысын дамытуға, жалпы тілдік тұлға ретінде қалыптасуына негіз болды. Атап айтқанда: оқушылар алдымен автордың сөзқолданысын, идиостилін танып (тілдік деңгей), содан кейін ЖИ комикстері мен визуалды бейнелер арқылы автордың ойлау жүйесіне еніп (танымдық деңгей), соңғы кезеңде WhatsApp диалогтары мен дыбыстау жұмыстары арқылы әдеби нормаларды өздерінің күнделікті сөйлеу дағдысына айналдырады (функционалдық деңгей).

Зерттеудің басты ерекшелігі - жасанды интеллект, цифрлық комикстер мен желілік қарым-қатынас құралдарын көркем мәтінді талдауға тиімді енгізе білуінде. Мұндай тәсілдер көркем әдебиет пен бүгінгі цифрлық буын арасындағы алшақтықты жойып, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттырады деп айтуға толық негіз бар. Тәжірибелік нәтижелер (SPSS талдауы бойынша 93% өсім) бұл әдістеменің оқушылардың сыни ойлауы мен эмпатия деңгейіне оң әсер еткенін математикалық тұрғыдан дәлелдеді.

Түйіндей келе, бұл әдістеме оқушыны дайын ақпаратты жай ғана қабылдаушыдан жаңа мазмұн жасаушы, зерттеуші, ізденуші және оны өмірде қолдана алатындай деңгейге дейін көтерді. Зерттеу барысында жинақталған тәжірибені және әдістемені болашақта өзге де көркем туындыларды лингвостилистикалық, когнитивті-стилистикалық талдап оқытуда пайдалануға болады.

Авторлар бұл мақаланы дайындау барысында ағылшын тіліндегі аңдатпаны және әдебиеттер тізімін халықаралық стандарттарға сай рәсімдеу мақсатында жасанды интеллект құралы – Gemini пайдаланды. ЖИ тудырған барлық мазмұн автор тарапынан мұқият тексеріліп, ғылыми сараптамадан өткізілді. Мақаланың түпкілікті мазмұны мен зерттеу нәтижелеріне авторлар толық жауапты.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Мақала AP 26100789 «Қазақ тілінің өміршеңдігі: жазушы тілінің тезаурусын әзірлеу және көркемсөздің семантикалық трансформациясын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу» (2025-2027) гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, -2020. – 186 б.
- 2 Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, -1989. – 128 б.
- 3 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері. 5-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, - 2008. – 272 б.
- 4 Қадыров Ж.Т., Есембеков Т.О. Көркем шығарманы талдау мен талқылау жолдары: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Эверо, - 2021. – 136 б.
- 5 Abdullina A., Doskeyeva S., Tulebayeva K., Mukhtarova S., Kushkimbayeva A., Mubarakova S., & Obayeva G. National Code and the Theme of National Character in Genealogical Prose Works of Post-colonial Literature. -2025. 11-p.
- 6 Burke M. The Routledge handbook of stylistics. Routledge, Taylor & Francis Group. 2018. - P.123–134.
- 7 Giovanelli M., & Harrison C. Stylistics and Contemporary Fiction. English Studies, 2022. - 103(3), P. 381–385.
- 8 Harrison C., Stylistics and Cognitive Grammar. In M. Burke, The Routledge Handbook of Stylistics. Routledge. 2023.2nd ed., - P. 314–329.
- 9 Jaxa N. P. Pedagogical Stylistics: Teaching isiXhosa Poetry at Further Education Training Phase Using Text World Theory Approach. Journal of Culture and Values in Education. - 2024. - 7(1), - P.118–133.
- 10 Koskeyeva A. M., Abisheva Zh. R., & Zulfaidar M. A. The national question in Kazakh literature during the totalitarian period: history and lessons (1960s-1970s). «Historical and Socio-Political Sciences». - 2025. 86 p.
- 11 Ling Boon Ing, C. L. B. Integration of visual art in learning figurative language among EFL English literature undergraduate students. - 2025. - P.20–34

12 Pardo B. S. 'Booktuber: Promoting reading and literacy in the classroom among Spanish pre-service teachers through a video review.' *Literacy*. - 2024. - 58/1.- P.120–134.

13 Stockwell P. *Cognitive poetics: An introduction*. Routledge. - 2002. - P.10–13

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СТИЛИСТИЧЕСКОМ АНАЛИЗЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

Аннотация

В статье рассматривается эффективность использования новых технологий в стилистическом анализе художественного текста. Основная цель исследования – повышение уровня стилистического анализа художественного текста учащихся на примере повести Ш.Айтматова «Первый учитель» и развитие у них умения понимать чувства героя, то есть эмпатии. Актуальность работы обусловлена необходимостью представления художественного текста в новом формате в соответствии с интересами учащегося посредством стилистического анализа в современную цифровую эпоху. Акцент был сделан не просто на изложении художественного текста, а на его глубоком изучении с языковой и смысловой точек зрения. В ходе исследования был проведен специальный эксперимент с участием учащихся 10-х классов средней школы г. Кызылорда (всего 60 детей). На уроках экспериментальной работы учащимся были даны такие задания, как переписка от имени персонажей в сети WhatsApp, составление сюжетных комиксов с помощью искусственного интеллекта и озвучивание видео. Эти методики с помощью цифровых форматов создали условия для стилистического анализа художественного произведения, более глубокого осмысления его сущности. Результаты исследования были обработаны тестом Уилкоксона в программе SPSS Statistics IVM. Результаты статистического анализа показали, что предложенная методика улучшила навыки учащихся по стилистическому анализу, пониманию и самооценке художественного текста на очень высоком уровне ($p < 0,001$). Итогом работы явилось значение использования цифровых технологий в стилистическом анализе художественного текста в развитии личности учащегося.

Ключевые слова: художественный текст, стилистический анализ, цифровые технологии, эмпатия учащихся, анализ SPSS.

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGY IN THE STYLISTIC ANALYSIS OF A LITERARY TEXT

Abstract

This article examines the effectiveness of using new technologies in the stylistic analysis of a literary text. The main purpose of the study is to increase students' level of stylistic analysis of literary texts, using the example of the novel by Sh.Aitmatov's «First Teacher» and its development of the ability to understand the hero's feelings, that is, empathy. The relevance of the work lies in the need to present a literary text in a new format, aligned with the student's interests, through stylistic analysis in the modern digital age. The emphasis was placed not only on the presentation of a literary text but also on its in-depth study from a linguistic and semantic point of view. As part of the study, a special experiment was conducted with 10th-grade secondary school students in Kyzylorda (60 children in total). In the experimental work lessons, students were given tasks such as texting on behalf of characters on WhatsApp, composing story comics using artificial intelligence, and dubbing videos. Using digital formats, these techniques have created the conditions for a stylistic analysis of an artistic work and a deeper understanding of its essence. The results of the study were processed by the Wilcoxon test in the SPSS Statistics IVM program. The results of the statistical analysis showed that the proposed methodology improved students' skills in stylistic analysis, understanding, and self-assessment of literary texts to a very high level ($p < 0.001$). The result of the work was the importance of using digital technologies in the stylistic analysis of a literary text in the development of a student's personality.

Keywords: literary text, stylistic analysis, digital technologies, student empathy, SPSS analysis.

REFERENCES

- 1 Esembekov T. O. *Korkem matin teoriyası: oqu quraly [Theory of literary text: a textbook]*. Qazaq Universiteti. 2020. 186p [in Kazakh]
- 2 Syzdyqova R., & Shalabaev B.. *Korkem teksti lingvistikalıyq taldau [Linguistic analysis of literary text]*. Mektep. -1989.128p [in Kazakh]
- 3 Zhapbarov A. *Qazaq tili stilistikasyn oqytudyn ghylymi adistemelik negizderi. 5-kitap [Scientific and methodological foundations of teaching Kazakh language stylistics]*. Book -2008. 272 p [in Kazakh]

4 Kadyrov Zh. T., & Esembekov T. O. Korkem shygharmany taldau men talqylau zholdary: oqu-adistemelik quraly [Ways of analyzing and discussing a literary work: an educational and methodological tool]. Evero. -2021.136 p [in Kazakh]

5 Abdullina A., Doskeyeva S., Tulebayeva K., Mukhtarova S., Kushkimbayeva A., Mubarakova S., & Obayeva G. National Code and the Theme of National Character in Genealogical Prose Works of Post-colonial Literature. 2025. 11p. [in English]

6 Burke M., (Ed.). The Routledge handbook of stylistics. Routledge, Taylor & Francis Group. 2018. P.123–134. [in English]

7 Giovanelli M., & Harrison C.. Stylistics and Contemporary Fiction. English Studies, 2022.103(3), P. 381–385. [in English]

8 Harrison C., Stylistics and Cognitive Grammar. In M. Burke, The Routledge Handbook of Stylistics. Routledge. 2023.2nd ed., P. 314–329. [in English]

9 Jaxa N. P. Pedagogical Stylistics: Teaching isiXhosa Poetry at Further Education Training Phase Using Text World Theory Approach. Journal of Culture and Values in Education, 2024.7(1), P.118–133. [in English]

10 Koskeyeva A., M. Abisheva, Zh. R., & Zulfaidar M. A., The national question in Kazakh literature during the totalitarian period: history and lessons (1960s-1970s). «Historical and Socio-Political Sciences», 2025. 86 p. [in English]

11 Ling Boon Ing, C. L. B. Integration of visual art in learning figurative language among EFL English literature undergraduate students. 2025. P.20–34[in English]

12 Pardo B. S. 'Booktuber: Promoting reading and literacy in the classroom among Spanish pre-service teachers through a video review.' Literacy, 2024. 58/1, P.120–134. [in English]

13 Stockwell P. Cognitive poetics: An introduction. Routledge. 2002. P.10–13.[in English]

Information about authors:

Tursynay Orynbasar – **corresponding author**, PhD Student in 8D01721 «Kazakh Language and Literature», Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

E-mail: t_orynbasar@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1293-8535>;

Aigul Amirbekova – Head of the Lexicology Department at the A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: marghan01@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8540-8264>.

Информация об авторах:

Тұрсынай Орынбасар – **основной автор**, докторант образовательной программы 8D01721-Казахский язык и литература, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Республика Казахстан

E-mail: t_orynbasar@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1293-8535>

Айгул Амирбекова – заведующая отделом лексикологии Института языкознания имени А.Байтұрсынулы, кандидат филологических наук, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: marghan01@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8540-8264>

Авторлар туралы ақпарат:

Тұрсынай Орынбасар – **негізгі автор**, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ докторанты, Қоркыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: t_orynbasar@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-1293-8535>

Айгул Амирбекова – А.Байтұрсынулы атындағы Тіл білімі институты, Лексикология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: marghan01@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8540-8264>